

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 қыркүйектегі № 1035 қаулысы
«2014 - 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2013 жылғы 3
желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына және «Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан
Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл агенттігіне мемлекеттік қызмет саласындағы өңірлік хабтың 2014
жылғы іс-шараларын қаржыландыру үшін 2014 жылға арналған республикалық
бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің
резервінен 1 823 808 (бір миллион сегіз жүз жиырма үш мың сегіз жүз сегіз) АҚШ
долларына баламалы сомада ақшалай қаражат бөлінсін.
2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың
пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Қазақстан Республикасының</i> <i>Премьер-Министрі</i>	<i>К. Мәсімов</i>
---	-------------------